

"Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған салық режимінің ставкаларын бекіту туралы" Сайрам аудандық мәслихатының 2006 жылғы 15-ақпандағы N 27-269/III шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2008 жылғы 28 наурыздағы N 6-79/IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 5 мамырда N 14-10-94 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2013 жылғы 1 ақпандағы № 31 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 01.02.2013 № 31 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексінің) 394-бабына және 258-бабының 4-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған салық режимінің ставкаларын бекіту туралы" Сайрам аудандық мәслихатының 2006 жылғы 15-ақпандағы N 27-269/III (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 14-10-32 тіркелген, 2006 жылғы 8 сәуірде "Мәртөбе" газетінде жарияланған), аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 38-371/III "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған салық режимінің ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 14-10-57 тіркелген, 2007 жылғы 17 ақпанда "Мәртөбе" газетінде жарияланған шешімімен өзгерістер енгізілген) шешіміне төмендегі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа тақырыпта мазмұндалсын (қосымша қоса тіркеледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі .

Сессия төрағасы:

Н. Ирсалиев

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

хатшысы:

Т. Төлендиев

*Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы
28 наурыздағы N 6-79/IV шешіміне*

қосымша

Сайрам ауданы бойынша кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған тіркелген жиынтық салық режимінің ставкалары

салық ставкасы (АЕК есебінде бір жылға)

N p/c	Қызмет түрі	Салық салу объектісінің түрі	Бекітілген ставка	
			салық	акциз
1	Ақшалай ұтыссыз ойын автоматтарының қызметтері	Ақшалай ұтыссыз ойын автоматтары 1 (бір ойыншыға арналған автомат) Ақшалай ұтыссыз ойын автоматы 1 (бір ойыншыдан артық)	1 0 15	-
2	Боулинг бойынша қызметтер (кегельбан)	Ойын жолы	55	-
3	К а р т и н г б о й ы н ш а қызметтер	Карт	25	
4	Бильярд бойынша қызметтер	Бильярд үстелі (1 үстелге)	30	
5	Лото ойынын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	Лото ұйымдастырушысы, 1 адам	80	
6	Электрондық рулеткасы		100	-
7	Ойын өткізуге арналған дербес компьютер	1 компьютерге	10	-